КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 қыркүйек №2301-25-00-2/2308 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Эльдар» Абзал Караманович Садырбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 2 351 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-тің 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Эльдар» Абзал Караманович Садырбаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 2 351 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Эльдар» Абзал Караманович Садырбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Эльдар» Абзал Караманович Садырбаевтан мемлекет кірісіне 2 351 (екі мың үш жүз елу бір) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 037 (екі мың отыз жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 28.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.11.2025, судья Даурешова О. Ш., 05.11.2025

2301-25-3-1/2799